


Нұсқаулық
Мектепке қабылдауға өтінішті беру


Мектепке қабылдауға өтінішті беру үшін:

1. Жүйенің негізгі парақшасына кіріп, «Мектепке алуға құжаттарды қабылдау» қызметін таңдау қажет.
2. Тізімнен ауданыңызды немесе қалаңызды таңдаңыз (Астана, Алматы қалаларына қатысты емес).
3. Ары қарай кілттерді сақтау орны тізімінен кілтті таңдап, ЭЦҚ (AUTH_RSA кілті) көмегімен жеке кабинетке кіріп, «Сертификатты таңдау» батырмасын басу қажет (1-сурет)



1-сурет. Пайдаланушының авторизациясы

4. Ары қарай ЭЦҚ кілтін (AUTH_RSA кілті) жүктеп, құпиясөзді енгізіп, «ОК» батырмасын басу қажет (2-сурет)



2-сурет. Құпиясөзді енгізу

5. Құпиясөз дұрыс енгізілген жағдайда, ЭЦҚ иесінің деректері пайда болады. Осы қадамда «Кіру» батырмасын басу қажет (3-сурет)




3-сурет. Авторизация



Назар аударыңыз!
Жүйеге бірінші рет кірген кезде электрондық поштаны көрсету қажет.

6. Авторизациядан өткеннен кейін «Өтінімді беру» тарауын басу қажет (4-сурет).



4-сурет. Өтінішті беру

7. Ары қарай қызметтің сипаттамасы мен толық нұсқаулық бар парақша ашылады. Өтінішті берудің алдында нұсқаулықпен танысуды растап, «Өтінімді беру» батырмасын басу қажет (5-сурет).


9. Ары қарай мектепке қабылдауға қажетті деректерді толтыру қажет. Осы қадамда қабылдау сыныбын, оқыту тілін, мектепті (микротелім немесе қалауы бойынша) таңдау қажет (7-сурет).


7-сурет. Өтініш нысанының 2-қадамы



НАЗАР АУДАРУДЫ СҰРАЙМЫЗ!


- Егер «Қызмет көрсету аумағы» тіркеу түрін таңдасаңыз, бірақ балаңыздың тіркелген мекен-жайы таңдаған мектептің қызмет көрсету аумағына кірмесе, мектеп сіздің өтінішіңізбен бас тартуға құқылы.
- Қалаулы мектептер тізімінде бос орындары бар мектептер ғана көрсетіледі.

10. Ары қарай  басу арқылы құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса біріктіру қажет (8сурет).



8-сурет. Қажетті құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса біріктіру


! *Назар аударуды сұраймыз!*
Барлық құжаттардың тек қана жақсы оқылатын көшірмелерін жүктеу қажет.
Дұрыс емес (оқылмайтын) құжаттарды салған жағдайда (9-сурет), Сіздің өтінішіңіз мақұлданбайды.



9-сурет. Оқылмайтын құжаттың мысалы


11. Ары қарай «Қол қою және жіберу» батырмасын басып, ЭЦҚ (RSA) көмегімен қол қою қажет.

12. Сәтті тіркеген жағдайда, өтінішті тіркеу туралы хабарлама терезесі пайда болады. Хабарлама терезесін жабу үшін «Жабу» батырмасын басу қажет (10-сурет).




10-сурет. Хабарлама терезесі

13. Берілген өтініштер журналын қарап шығу үшін негізгі парақшадағы «Өтініш туралы ақпарат» батырмасын басу қажет (11-сурет).




11-сурет. Өтініштер журналын қарап шығу

14. Ары қарай өтінішті ашу үшін өтініш жолағын басу қажет (12-сурет).



12-сурет. Өтініш бойынша ақпаратты қарап шығу

15. Қалыптастырылған құжаттарды қарап шығу үшін «Жалы құжаттар» қойындысына өту қажет (13-сурет). Құжатты қарап шығу немесе жүктеу үшін «Жүктеу» батырмасын басу қажет.



13-сурет. Шығыс құжаттар



Назар аударуды сұраймыз!


- Білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш мақұлданбаған жағдайда, өтініш беруші өтінімді қайтадан бере алады;
- Егер мектепке қабылдауға өтінім берілсе және өтінім қарастыруда болса, өтінішті қайтадан беру мүмкіндігі болмайды;



Берілген өтінімді қайтып алу


1. Егер берілген өтімді қайтып алғыңыз келсе келесі әрекеттерді орындаңыз.

«Өтініш туралы ақпарат» батырмасын басу қажет (14-сурет).



14-сурет. Өтініштер журналын қарап шығу

2. Ары қарай өтінішті ашу үшін өтініш жолағын басу қажет. Ашылған ақпарат астындағы «Кері шақыру» батырмасын басып және ЭСҚ көмегімен қол қою арқылы берілген өтінімді кері қайтарып аласыз (15-сурет).



15-сурет. Өтініш бойынша ақпаратты кері шақыру